

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат» КММ

Ақпан айында атқарылған жұмыстың есебі

*Орынданған әлеуметтік педагог:
Ж.К.Лесбаева*

Атбұлак 2024 жыл



Рейдтердің қорытындысы бойынша жайсыз отбасынан шыққан балалар анықталмаганы, өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары құрылыш сауалнамалар, тренингтер және жеке кеңес беру

жұмыстары жүргізілуде. Мектеп инспекторы С.Т. Алимбаев суицид бойынша тақырыпты да қозғап өтті. Кейде осындай сәттерде тығырықтан шыға алмай түрлі әрекеттерге баруы мүмкін деген ойымен бөлісті. Соңғы жылдары кәдімгі темекінің орнына электронды темекі (вейп) шыққанын, статистикалық мәліметтерге сүйене келе темекі шегу жыл сайын әлемде 8 миллионнан астам адамды өлтіретінін оның денсаулыққа зиян екенін анықтап айттып өтті. Вейп темекі шегушілерге ғана емес, айналасындағылардың денсаулығына да үлкен қауіп төндіреді. Белгілі болғандай жасөспірім шак-ми дамуының маңызды кезеңі, ал электронды темекі шегетін балалар мен жасөспірімдерде мидың дамуында бұзылулар, есте сақтау мен танымдық қабілеттерінің төмендеуі, қауіпті невроздар болатынын қатаң түрде ескертіп өтті.



Сөз соңында мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бегайдарова Индира Ибаділлақызы «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», сондықтан бала тәрбиесіне мектеп мұғалімдерімен бірге ата-аналардың жұмыс жасауы маңызды екенін түсіндірді. Мектептің ішкі тәртіп ережесінде оқушыларды күнделікті тексеріліп, қатаң тәртіппен жүретінін, сонымен қатар мектепте «Ұлдармен жұмыс», «Қыздармен жұмыс» жұмыстары жүзеге асырылатынын айтты. Мектеп дәлізінде орналасқан «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» үздіксіз жұмыс істейтінін, келіп түсken хаттар мен хабарламаларға жауап берілетіні айттылыш өтілді. Осы мәселе бойынша мектеп инспекторының мектеп ұжымымен бірлесіп алдағы уақытта бірлескен жоспар бойынша жұмыс атқаратынын атап өтті.

Қорытындылай келгенде кәмелетке толмагандардың құқық бұзушылығы мен қылмыстырылғы мәселесі қазіргі кезде тек құқық қорғау органдарын толғандыратын мәселе екендігі нақтылап айтылып жиналысты аяқтады.

2. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік түрмис жағдайын зерттеу жөніндегі мәліметтерді жинау

«Мектепке жол акциясын» ұйымдастыру мақсатында қыркүйек айынан бастап мектебіміздің әлеуметтік жағдайы төмен отбасы санатына жататын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған, төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» туралы қаулы бойынша ата-аналардан құжаттар жиналған болатын. Құжаттар қамқоршылық кеңес және мектеп жанынан құралған арнайы комиссия мүшелерінің қатысуымен сарапланып, тізім шығарылды. Атап өтетін болсам қазан айында балалар оку құралдарымен қамтылса, қараша желтоқсан айларында қыскы мезгілге сәйкес оқушыларымыз қыскы киім және аяқ киіммен қамтылды. Ал құжаттары сәйкес деп танылған 32 отбасының өтініш негізінде қажеттілігіне қарай жалпы қыркүйек айынан бастап, ал үшінші тоқсан барысында құжаттар қайта тескеріле келе 29 оқушыны тاماқ құнынан босату бұйрығы енгізілді. Наурыз айыннан бастап демеушілер тарапынан оқушыларға көмек көрсетілетінін атап өтейін.

Жоспардан тыс Өзін өзі басқару үйымының он күндігі аясында «Әлем сенің қолында» қайырымдылық акциясы тақырыбы бойынша, үйымдастыруыш педагог пен педагог – психологпен бірлескен жұмыс жасалды.



Мұғалімдердің балалық шағындағы суреттерін тапқан оқушыларға сыйлықтар берілді.



Мектеп директоры:

 Ж.Т.Ахмедов